

Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметін лицензиялау туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 30 қыркүйектегі N 1396. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

"Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңын және "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заң күші бар Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметін лицензиялау туралы ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің*

міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 30 қыркүйектегі

N 1396 қаулысымен

бекітілген

**Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметін лицензиялау туралы
ЕРЕЖЕ**

Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметін лицензиялау туралы осы Ереже (бұдан әрі - Ереже) "Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңына және "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі Жарлығына сәйкес әзірленді және жинақтаушы зейнетақы қорларының Қазақстан Республикасының бүкіл аумағы бойынша зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру

жөніндегі лицензияларды берудің және қайтып алудың (тоқтатудың), оның қолданылуын тоқтата тұрудың және олардың қызметіне бақылау жасаудың тәртібін айқындайды.

I. Жалпы ережелер

1. Зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті лицензиялау - жинақтаушы зейнетақы қорларының (бұдан әрі - лицензиат) қызметін мемлекеттік реттеу және оған бақылау жасау мақсатында жүргізіледі.

2. Қазақстан Республикасының аумағында зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті лицензиялауды уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі - лицензиар) жүзеге асырады.

< * >

Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.11.26. N 1258 қаулысымен.

3. Лицензиар зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті ұйымдастыруға берілген лицензиялардың есебін жүрізеді, сондай-ақ лицензиялардың күшін тоқтата тұруы, тоқтату және оны лицензиаттан қайтып алу жөніндегі мәліметтердің есебін де қамтамасыз етеді.

4. Лицензиарға Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің басшысы не ол болмаған кезеңде, оның орнындағы адам қол қояды. <*>

Ескерту. 4-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.11.26. N 1258 қаулысымен.

5. Зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүргізуге арналған лицензиялар тұрақты және уақытша болып табылады.

6. Лицензиаттың қызметі Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, өзге кәсіпкерлік қызметпен қоса атқарылмайды.

7. Лицензиар берілген лицензиялар туралы мәліметтерді, сондай-ақ лицензиялардың қолданылуын тоқтата тұру немесе тоқтату туралы шешімдерді бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды.

8. Лицензияның күші Қазақстан Республикасының барлық аумағына қолданылады.

II. Лицензияларды берудің шарттары

9. Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын заңды және жеке тұлғалар ашық жинақтаушы зейнетақы қорының құрылтайшылары мен акционерлері бола алады. Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары корпоративті жинақтаушы зейнетақы қорының құрылтайшылары мен акционерлері бола алады.

10. Мемлекеттік емес ашық зейнетақы қорының қызметі кезеңінде лицензиар рұқсат еткен жағдайды қоспағанда, құрылтайшылардың (акционерлердің) бірде-біреуі қордың акцияларының мұндай жинақтаушы зейнетақы қорының

дауыс құқығымен жиырма бес процентінен астамына тікелей немесе жанама түрде иелік ете және/немесе басқара алмайды.

11. Лицензиар рұқсат еткен жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттің акциялар пакеті немесе үлесі бар кәсіпорындар мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорының құрылтайшылары мен акционерлері бола алмайды.

12. Жинақтаушы зейнетақы қоры заңға сәйкес, лицензиар бекіткен тәртіпте мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры басшысының кандидатурасын қоспағанда, қордың басшы қызметкерлерінің кандидатурасын лицензиармен келісуге міндетті.

13. Лицензиаттың жарғы капиталы көздер есебінен, тек ақшамен және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мөлшерде ғана қалыптастырылуы тиіс.

14. Лицензия алу туралы өтініш беру сәтінде жинақтаушы зейнетақы қорының жарғы капиталы толықтай төленген болуы тиіс.

15. Лицензиаттың заңдарға сәйкес лицензиар бекіткен жинақтаушы зейнетақы қорының Ережелері болуы тиіс.

16. Лицензиялар Лицензиаттың басшысына немесе уәкілетті өкіліне (сенімхаттың негізінде) беріледі.

III. Лицензия алу үшін қажетті құжаттар

17. Зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия алу үшін лицензиат лицензиарға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) лицензиялау туралы заңдарға сәйкес нысан бойынша өтініш;
2) заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;
3) барлық өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге тігілген және нотариалды куәландырылған құрылтай құжаттарының көшірмесі (екі данада);

4) "Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес лицензиардың нормативтік құқықтық актілермен белгіленген, лицензиатқа қойылатын біліктілік талаптарын растайтын құжаттар, сондай-ақ құрылтайшыларға, басшы қызметкерлерге қойылатын талаптар;

5) лицензиялық алымды төлегендігін растайтын құжаттың көшірмесі.

18. Жоғарыда атап көрсетілген барлық құжаттарға қол қойған лицензиаттың лауазымды тұлғалары осы құжаттардағы деректердің дұрыстығы үшін, заңда белгіленген жауаптылықта болады.

IV. Лицензия беру туралы өтінішті қараудың мерзімі

19. Зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті лицензиялауға берілген құжаттарды лицензиар лицензиялауға құжаттар ұсынылған сәттен бастап бір ай мерзім ішінде қарайды.

V. Лицензия беру үшін алым

20. Лицензиялық алымның мөлшері мен оны төлеудің тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

VI. Лицензия беруден бас тарту және оған шағымдану

2 1 . Е г е р :

құрылтай құжаттары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келмесе;
субъектілердің осы санаты үшін қызметтің белгілі бір түрін жүзеге асыруға
заң актілерімен тыйым салынған болса;
лицензиаттың атауы Қазақстан Республикасының заңдарында
белгіленген талаптарға сәйкес келмесе;
осы Ереженің 3-тарауына сәйкес талап етілетін барлық құжаттар
т а п с ы р ы л м а с а ;

лицензия бергені үшін алым енгізілмесе;
өтініш берушіге қатысты соттың оған қызметтің осы түрімен
айналысуға тыйым салған шешімі болса;
лицензиаттың басшы қызметкерлері заңда белгіленген біліктілік
талаптарына жауап бермесе;
өтініш иесі берген ақпарат қолданылып жүрген заңдарды және
лицензиардың нормативтік актілерін бұзғандығын куәландырса, лицензия
берілмейді.

22. Лицензия беруден бас тарту кезінде өтініш иесіне лицензия беру үшін белгіленген мерзімде жазбаша түрде дәлелді жауап қайтарылады.

23. Егер лицензия белгіленген мерзімде берілмесе немесе лицензия беруден бас тарту лицензиатқа негізсіз болып көрінсе, ол бір ай мерзімде бұл іс-әрекеттерге сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

VII. Лицензияның күшін жоюы

2 4 . Л и ц е н з и я :

лицензия берілген мерзім аяқталғанда;
сот шешімімен лицензия қайтып алынғанда;|
жинақтаушы зейнетақы қоры қайта ұйымдастырылған немесе таратылған
жағдайларда өз күшін жояды.

25. Лицензиат қайта тіркелген кезде лицензия өз күшін сақтайды.

26. Лицензияның күші тоқтатылған жағдайда, лицензиат акционерлердің жалпы жиналысының шешімін немесе соттың шешімін алған сәттен бастап, он күн ішінде лицензияны лицензиарға қайтаруға міндетті.

27. Лицензияның күшін жоюға байланысты даулар сот тәртібімен шешіледі.

VIII. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру және оны қайтып алу

28. Лицензияның қолданылуы мынадай:
негізінде лицензия берілген ақпарат ақиқат болмаған;
қор зейнетақы шарты бойынша міндеттемелерді ұдайы (қатарынан 12 күнтізбелік ай ішінде үш және одан көп ретте) орындамаған немесе жеткіліксіз
д е р е ж е д е о р ы н д а ғ а н ;

Қазақстан Республикасының заңдық және нормативтік құқықтық актілері, лицензиаттың зейнетақы ережелері және лицензиардың нормативтік құқықтық актілері бұзылған, не лицензиардың жазбаша нұсқамалары орындалмаған;
есептемелер мен мәліметтер берілмеген немесе көре тұра теріс берілген жағдайларда тоқтатыла тұруы мүмкін.

29. Лицензиар тоқтата тұрудың себептерін көрсете отырып, лицензияның қолданылуын 6 айға дейін мерзімге тоқтата тұруға құқылы.

30. Лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрған жағдайда лицензиат анықталған жолсыздықтарды жоюға міндетті, содан соң лицензияның қолданылуы лицензиардың жазбаша хабарламасы бойынша қайта басталуы
м ү м к і н .

Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы жазбаша хабарлама алғаннан кейін, лицензиардың қызметі заңсыз деп саналады және Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген жауаптылыққа алып барады.

31. Лицензиардың лицензияның күшін тоқтата тұру туралы шешіміне сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

IX. Лицензиялық ережелердің сақталуына бақылау жасау

32. Лицензиаттың зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметіне бақылау жасауды лицензиар жүзеге асырады.

33. Лицензиат осы Ереженің 17-тармағына сәйкес лицензия алу үшін ұсынылған мәліметтер мен құжаттарға өзгерістер туралы, сондай-ақ зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниямен және банк-кастодианмен (мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорлары үшін) шарттар жасалғандығы (немесе ережелердің өзгеруі) туралы лицензиарға жазбаша нысанда хабарлауға
м і н д е т т і .

Өзгерістер туралы деректер лицензиарға лицензия алу үшін ұсынылған құжаттарға өзгерістер пайда болған күннен бастап, он күн мерзімде табыс етілуі тиіс.

34. Лицензиялық қызметті жүзеге асыруға бақылау жасаудың барысында лицензиар статистикалық және қаржылық есептілік негізінде, зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметке,

сондай-ақ лицензиардың нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген өлшемдер бойынша лицензиаттың қаржылық тұрақтылығын, салымшылардың қаражатының мақсатты пайдаланылуын және лицензиаттың атқаратын қызметінің "Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкестілігін айқындау мақсатында жергілікті жерлерде тексерістерді жүзеге асыруға міндетті.

35. Лицензиардың лауазымды тұлғалары жариялануға жататын мәліметтерді қоспағанда, тексеру барысында алынған ақпаратты жария қылғаны үшін жауапкершілікте болады. Лауазымды тұлғалардың заңсыз іс-әрекеттерінің нәтижесінде келтірілген шығындар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өтеледі.